

Бекітемін
«Нұрдаулет-бақ» балабақша
балабақшасы меңгерушісі
А.Ескараева



II. Кадрлармен жұмыс

2.1 Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірде міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын, бала дамуына психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзіреттілікті меңгеруге көмек беру.

№1 пед кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2022-2023 жылығы оқу жылының жылдық жоспарын бекіту Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі мен күн тәртібін бекіту	Тамыз	Меңгеруші А.Ескараева
2	Балабақшаның еңбек тәртібі мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.		Әдіскер М.Кубеева
3	Топтардың жабдықталуы ,жаңа оқу жылына дайындығы («Менің тобымның даму ортасы»)		А.Ескараева М.Кубеева
4	«Ұлттық құндылық-ел қазынасы » баяндама		Тәрбиеші А.Сахова
5	Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту		Әдіскер М.Кубеева

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар:

30.08.2022

Тақырыбы:

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 жылғы оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі мен күн тәртібін бекіту
2. Балабақшаның еңбек тәртібі мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту
3. «Ұлттық құндылық — ел қазынасы» баяндама
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

1. Тыңдалды: Балабақаша меңгерушісі А. Ескараева педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Ең алдымен балабақшаның жылдық жоспарының бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Сонымен

Әдіскер М. Кубеева қадірлі әріптестер, барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр. Яғни ҚР мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр. жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыруарқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты педагогтар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын. Жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

2. Балабақша меңгерушісі сөз алды. Қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жеке жауапкершілігін арттыру мақсатында, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік нормативтік талаптар негізінде балалар мекемесінде барлық санаттағы жұмыскерлерге арнап қауіпсіздік техникасы жөніндегі лауазымдық міндеттеріңізбен таныстырып, бір көшірмесін қолдарыңызға берген болатынымын. Қазір мен дәл осылай етіп

жаңадан келген қызметкерлерге жеке еңбек шарты мен лауазымдық міндеттерін таныстырып, бір көшірмесін өздеріне беремін.

3.Тыңдалды. «Ұлттық құндылық —ел қазынасы» тақырыбында балабақша әдіскері А.Сахова баяндама оқыды. (жазбаша түрі бар)

4.Төртінші мәселе бойынша барлық тәрбиешілердің портфолиоларын ретке келтіріп, толықтыру керектігі айтылды және жаңа келген тәрбиешілерге портфолио бастап, толықтыруларын ескертті.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасалсын
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары анықталып, бекітілсін.
3. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:
Хатшы, б/б тәрбиешісі:



А.Ескараева
Г.Дүйсебаева

1.4 Күн тәртібі



Күн тәртібінің элементтері	Ересек тобы	Ересек тобы	Ортаңғы топ	Ортаңғы топ	Кіші топ
Балаларды қабылдау	08.00 – 08.20	08.00 – 08.20	08.00 – 08.20	08.00 – 08.20	08.00 – 08.20
ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	08.10 -08.20	08.10 -08.20	08.20-08.30	08.20-08.30	08.20-08.30
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	08.20-08.35	08.20-08.35	08.30-08.45	08.30-08.45	08.30-08.45
Таңертенгі жаттығу	08.35-08.08.45	08.35-08.08.45	08.45-08.50	08.45-08.50	08.45-08.50
Таңғы ас	08.45 – 09.10	08.45 – 09.10	08.50 – 09.10	08.50 – 09.10	08.50 – 09.10
Ойындар.Ұйымдастырылған Іс әрекетіне дайындық	09.10 – 09.20	09.10 – 09.20	09.10 – 09.20	09.10 – 09.20	09.10 – 09.20
Ұйымдастырылған іс әрекеті(үзілістерді қоса алғанда)	09.20 – 10.00	09.20 – 10.00	09.20-10.00	09.20-10.00	09.00-09.30
Серуенге дайындық	10.00 – 10.20	10.00 – 10.20	10.00 – 10.20	10.00 – 10.20	09.30 – 09.50
Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар	10.20 – 12.10	10.20 – 12.10	10.20 – 12.00	10.20 – 12.00	09.50 – 11.30
Серуеннен оралу.Гигиеналық және шынықтыру шаралары	12.10 – 12.30	12.10 – 12.30	12.00 – 12.20	12.00 – 12.20	11.30 – 11.50
Үскі ас	12.30 – 13.00	12.30 – 13.00	12.20 – 13.00	12.20 – 13.00	11.50 – 12.30
Үндізгі ұйқы	13.00 – 15.10	13.00 – 15.10	13.00 – 15.10	13.00 – 15.10	12.30 – 15.00
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	15.10 – 15.40	15.10 – 15.40	15.10 – 15.40	15.10 – 15.40	15.00 – 15.30
Бесін ас	15.40-16.00	15.40-16.00	15.40 – 16.00	15.40 – 16.00	15.30 – 16.00
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16.00 – 16.30	16.00 – 16.30	16.00 – 16.30	16.00 – 16.30	16.00 – 16.20
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	16.30 – 16.50	16.30 – 16.50	16.30 – 16.50	16.30 – 16.50	16.20 – 16.40
Серуен, қимылды ойындар.	16.50 – 18.00	16.50 – 18.00	16.50 – 18.00	16.50 – 18.00	16.40 – 18.00
Балалармен, ата-аналармен қарым – қатынас. Балалардың үйге қайтуы	18.00 – 18.30	18.00 – 18.30	18.00 – 18.30	18.00 – 18.30	18.00 – 18.30

«Нұрдаулет-бақ» бөбекжай балабақшасы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балдәурен» ересек тобының (4- жастағы балалар)		«Тұлпар»тобының (4- жастағы балалар)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру-3	3	108	3	108
2	Дене шынықтыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
3	Сөйлеуді дамыту-2	күн сайын		күн сайын	
4	Көркем әдебиет-2	күн сайын		күн сайын	
5	Сауат ашу-3				
6	Қазақ тілі	1	36	1	36
7	Қазақ тілі	күн сайын			
8	Математика негіздері-3	күн сайын		күн сайын	
9	Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
10	Сурет салу	күн сайын		күн сайын	
11	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын	
12	Жапсыру	күн сайын		күн сайын	
13	Музыка-2	2	72	2	72
14	Қоршаған ортамен таныстыру -2	күн сайын		күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы				
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	6	216	6	216
	Барлығы	6	216	6	216

Балабақша әдіскері :  Д.Әлімқұлова

«Нұрдаулет-бақ» бөбекжай балабақшасы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Ақкөгершін» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)		«Балапан» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)		«Балауса» кіші тобының (2- жастағы балалар)	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық	апталық	жылдық
Дене шынықтыру-3	3	108	3	108	3	108
Дене шынықтыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Қазақ тілі-1	1	36	1	36		
Қазақ тілі	күн сайын		күн сайын			
Математика негіздері	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Құрастыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Сурет салу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Жапсыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Музыка-1	1	36	1	36	1	36
Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Ұйымдастырылған іс әрскстінің жалпы жүктеме көлемі	5	180	5	180	4	144
Барлығы	5	180	5	180	4	144

Балабақша әдіскері :  Д.Әлімқұлова

«Нұрдаулет-бақ» бөбекжай балабақшасы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары



№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Балдәурен» ересек тобының (4- жастағы балалар)		«Тұлпар» тобының (4- жастағы балалар)	
		апталық	жылдық	апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру-3	3	108	3	108
2	Дене шынықтыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
3	Сөйлеуді дамыту-2	күн сайын		күн сайын	
4	Көркем әдебиет-2	күн сайын		күн сайын	
5	Сауат ашу-3				
6	Қазақ тілі	1	36	1	36
7	Қазақ тілі	күн сайын			
8	Математика негіздері-3	күн сайын		күн сайын	
9	Құрастыру	күн сайын		күн сайын	
10	Сурет салу	күн сайын		күн сайын	
11	Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын	
12	Жапсыру	күн сайын		күн сайын	
13	Музыка-2	2	72	2	72
14	Қоршаған ортамен таныстыру -2	күн сайын		күн сайын	
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы				
	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	6	216	6	216
	Барлығы	6	216	6	216

Балабақша әдіскері :  Д.Әлімқұлова

«Нұрдаулет-бақ» бөбекжай балабақшасы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие
мен оқытудың үлгілік оқу жоспары



Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	«Ақкөгершін» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)		«Балапан» ортаңғы тобының (3- жастағы балалар)		«Баянуса» ортаңғы тобының (2- жастағы балалар)	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық	апталық	жылдық
Дене шынықтыру-3	3	108	3	108	3	108
Дене шынықтыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Сөйлеуді дамыту	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Қазақ тілі-1	1	36	1	36		
Қазақ тілі	күн сайын		күн сайын			
Математика негіздері	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Құрастыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Сурет салу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
0 Мүсіндеу	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
1 Жапсыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
2 Музыка-1	1	36	1	36	1	36
3 Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын		күн сайын		күн сайын	
Ұйымдастырылған іс әрекетінің жалпы жүктеме көлемі	5	180	5	180	4	144
Барлығы	5	180	5	180	4	144

Балабақша әдіскері : *Д.Әлімқұлова* Д.Әлімқұлова

«Нұрдаулет-бақ» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі
А.Ескараева



Ересек «Тұлпар» тобының (4 жас) 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру- 3	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыру (1,0)
Қазақ тілі-1		Қазақ тілі (1,0)			
Музыка-2		Музыка (1,0)		Музыка (1,0)	
Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жалпы жүктеме көлемі-6					
Барлығы-6 сағат					

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі
А.Ескараева



Күн тәртібінің элементтері	Ересек тобы
Балаларды қабылдау	08.00 – 08.20
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	08.10 -08.20
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	08.20-08.35
Таңертеңгі жаттығу	08.35-08.08.45
Таңғы ас	08.45 – 09.10
Ойындар. Ұйымдастырылған Іс әрекетіне дайындық	09.10 – 09.20
Ұйымдастырылған іс әрекеті(үзілістерді қоса алғанда)	09.20 – 10.00
Серуенге дайындық	10.00 – 10.20
Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар	10.20 – 12.10
Серуеннен оралу. Гигиеналық және шынықтыру шаралары	12.10 – 12.30
Түскі ас	12.30 – 13.00
Күндізгі ұйқы	13.00 – 15.10
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	15.10 – 15.40
Бесін ас	15.40-16.00
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16.00 – 16.30
Балалармен жеке жұмыс	
Серуенге дайындық	16.30 – 16.50
Серуен, қимылды ойындар.	16.50 – 18.00
Балалармен, ата-аналармен қарым – қатынас. Балалардың үйге қайтуы	18.00 – 18.30

«Нұрдәулет-бақ» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі
А.Ескараева



Күн тәртібі

Күн тәртібінің элементтері	Ортаңғы топ
Балаларды қабылдау	08.00 – 08.20
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	08.20-08.30
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	08.30-08.45
Таңертеңгі жағтыну	08.45-08.50
Таңғы ас	08.50 – 09.10
Ойындар. Ұйымдастырылған Іс әрекетіне дайындық	09.10 – 09.20
Ұйымдастырылған іс әрекеті(үзілістерді қоса алғанда)	09.20-10.00
Серуенге дайындық	10.00 – 10.20
Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар	10.20 – 12.00
Серуеннен оралу. Гигиеналық және шынықтыру шаралары	12.00 – 12.20
Түскі ас	12.20 – 13.00
Күндізгі ұйқы	13.00 – 15.10
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	15.10 – 15.40
Бесін ас	15.40 – 16.00
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	16.00 – 16.30
Балалармен жеке жұмыс	
Серуенге дайындық	16.30 – 16.50
Серуен, қимылды ойындар.	16.50 – 18.00
Балалармен, ата-аналармен қарым – қатынас. Балалардың үйге қайтуы	18.00 – 18.30

«Нұрдәулет-бақ» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
А.Ескараева



Ортаңғы «Ақкөгершін» тобының (3жас) 2022-2023 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру- 3	Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)		Дене шынықтыр у (1,0)	
Қазақ тілі-1					Қазақ тілі (1,0)
Музыка-1			Музыка (1,0)		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жалпы жүктеме көлемі-5					
Барлығы-5 сағат					

[illegible]

Нөмүрлөнгөн датасын аң
11 июль 2019
Бауабакпа менен
«НҮРДӨМЛӨ-БАК»
ЖШЖ

ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы



Баяндама “Ұлттық құндылық-ел қазынасы”

Тәрбиеші: А.Сахова

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Ұлттық құндылық-ел қазынасы

Мақсаты: Болашақ қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру.

Бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани-мәдениетке тәрбелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу.

Ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парыздылық қасиетінің қалыптасуына бағдар беру.

-Өріптестер, қалай ойлайсындар ұлттық құндылықтар дегеніміз не?

-Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелеп тұратын не?

-Дұрыс айтасындар, балалар әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындарының біреуі – асық ойыны. (слайд) Асық ойнау: баланың ойлау қабілетін дамытады, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне көмектеседі, таза ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады.

Ал, қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің пайдасын өмірдің өзі дәлелдеп, осы уақытқа дейін жетіп отыр. Баланың таза болуы, ұйқысының тыныш болуы өз алдына, баланың ана құрсағынан жарық дүниеге келген соң табиғи өсуіне әсер етеді. Жапонның әйгілі медицина ғалымы Гау Щияу Иде Илаң қазіргі заманғы озық аспаптарды қолдана отырып зерттеу жүргізген. Оның зерттеуі бойынша «сәби өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында жүріп тербеліске түседі. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасайды. Міне, қазақ халқының ұлылығы, осы процестерді өзінің

өміріне пайдаланып, бала жарық дүниеге бейімделгенше, бесікке бөлеп, тербетіп отырған.

«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ ардын

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» - деп қазақтың көрнекті ақыны М.

Жұмабаев жырлап өткен. Осы бір өлең жолдарын оқи отырып, шынында да ұлттық тіліміз – қазақ тілінің үлкен тарихы бар екеніне көзіміз жетеді.

Бабаларымыздан асыл мұра болып қалған ана тіліміздің сақталып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалу үшін қаншама тер төгіліп, қаншама еңбек етілді десенші! Осы орайда мен сіздерге Т. Молдағалиевтің «Менің тілім өлмейді халқым тірі» өлеңін оқып берейін. Осы өлең тілге деген сүйіспеншіліктеріңізді одан сайын арттырар деп ойлаймын.

Иә, ата - бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен еліміз егемендігін алып, ұрпақ тәуелсіз, тіліміз шұбарланбауы үшін қаншама қиындықтарды бастан өткерді. Қазіргі күн – біздің басымызға бақ қонған күн. Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқы көптеген елеулі істерге қол жеткізді. Соның ішінде біз мақтанып айтатындай қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Ендеше, осы тіліміздің болашағы бұлыңғыр болмау үшін Қазақстандық әр азамат өз үлесін қосуы керек. Мен үнемі қазақ ақын - жазушыларының тіл, Отан, тарих, салт - дәстүр жайлы жазған өлеңдері мен шығармаларын көп оқимын.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге - жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата - анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби - педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші

баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Біздің елімізде бала ерекше халық. Ерекше болатыны сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап, айналасын ерекше шаттыққа, ерекше сезімге бөлейді. Күнделікті өсіп келе жатқан баланың әр қылығы ата - ана үшін қуаныш, бақыт.

Ата - аналар А. С. Макаренконың “Балаларды тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу – бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз” – деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс. Сондықтан әр отбасында ата - ана өз баласының инабатты, тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін, ұлттық тәрбие бере білуі керек.

Әр ата - ана баласының денсаулығы мықты, ержүрек, қайсар, батыл болып өсуіне жауапты.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М. Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт - дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп - тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім - тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата - аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – балабақшада болғандықтан, ата - ана мен балабақша, яғни педагогтармен мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қорытынды.

Қазіргі ұрпақтың, ХХІ ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті – экономикамызды дамыта отырып, ұлттық құндылығымызды қорғап, дамытып, сақтай отырып әлемдік қауымдастыққа кірігу. Егер ұлттық құндылығымызды сақтай алмасақ жаһандануға жұтылып кетеміз. Жаһандануға жұтылып кетпей, президентіміздің алдыға қойған мақсаты «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі !

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар:15

5.10.2022

Тақырыбы:

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу
 2. «Балаларың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» баяндама
 3. Көрме: «Дене шынықтыруға арналған құрал жабдықтар»
 4. Балабақша тәрбиешілерінің құжаттарын тексеру (тақырыпты тексеру)
 5. Тренинг «Біз еңбекқор достармыз»
-
1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақшада баланың тілін дамыту іс-әрекеті жүзеге асырылады. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілді. Педагогтар шығармашылық тақырыптары бойынша тәжірибе жинақтап жұмыс жүргізіп жатыр.
 2. Екінші сұрақ бойынша «Балаларың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» тақырыбы бойынша баяндамасын Г.Дүйсебаева таныстырып өтті. (баяндамасы бар)
 3. Үшінші сұрақ бойынша «Дене шынықтыруға арналған құрал жабдықтар» тақырыбында көрме қортындысы бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтты: барлық тәрбиешілер көрмеге толық қатысты, көрмеге бұрынғы көрнекі құралдармен қатар жаңадан жасалған көрнекіліктер де бар, сонымен қатар әр тәрбиеші көрмеге әкелген көрнекіліктерін қалай пайдаланатынын айтып түсіндірді. Барлық көрнекіліктер күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде тиімді қолданылады деген сенімдемін.
 4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Балабақша тәрбиешілерінің құжаттарын тексеру тақырыпты тексерудің Үлгілі оқу бағдарламасына сай перспективалық және циклограмма жоспарлары талапқа сай орындалған. Жеке даму картасының бастапқы бөлімі жазылған
 5. Бесінші мәселе бойынша балабақша психологы «Біз еңбекқор достармыз» тақырыбында тренинг өткізді, Тренингтің мақсаты ұжымды еңбекқорлыққа және бірлестікке, педагогтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, сыйластық қарым-қатынаста болуға, достыққа, мейірімді ұйымшыл болуға баулу.

Шешім:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәрбиеші «Балаларың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» тақырыбы бойынша баяндамасындағы іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде пайдаланылсын.
3. Көрме: «Дене шынықтыруға арналған құрал жабдықтар» жинағы жалғасын тапсын
4. Тақырыпты тексеру қортындысы анықтамасындағы кемшіліктер жойылсын

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшы, б/б тәрбиешісі:



А.Ескараева

А.Алибаева

Бекітемін:
«Нұрдаулет-Бай» балалық
балабақшасы менгерушісі
А.Ескараева



№2 пед кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Қазан	Менгеруші А.Ескараева
2	«Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» баяндама		Тәрбиеші Г.Дүйсебаева
3.	Көрме: «Дене шынықтыруға раналған құрал жабдықтар»		Тәрбиешілер
4	1.Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру деңгейі(жедел бақылау) 2Балабақша тәрбиешілерінің құжаттарын тексеру(жедел бақылау) 3 «.Дамытушы ортаның деңгейі»(жедел бақылау)		Менгеруші А.Ескараева
4	«Денсаулық » білім беру дағдысының сапалығы (тақырыпты тексеру)		
5	Тренинг «Біз еңбекқор достармыз»		Психолог



Баяндама

Тақырыбы: «Балалар дене бітімінің
жан-жақты дамуына жағдай
туғызу »

Тәрбиеші: Г.Дүйсебаева

Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу

Дене тәрбиесі жүйесі қызметінің негізгі бағыттары мен шарттары. Дене тәрбиесі жүйесі дегеніміз - әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, ғылыми әдістемелік, нормативтік бағдарлама негіздерінің жиынтығы және республикадағы дене тәрбиесі мәселесіне жауапты ұйымдар мен мекемелер жеткілікті. Дене тәрбиесі жүйесінің басты мақсаты - күш-қуаты мықты, жантәні сау, елімізді қорғауға әзір, шығармашылық жұмысқа құштар, жан-жақты дене тәрбиесі дайындығынан өткен азаматтар тәрбиелеу.

Бұл мақсат төмендегі жалпы міндеттерге негізделеді:

- Білім беру міндеттері - қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене шынықтыру көлемінде мектепке дейінгі балаларға білім беру;
- Сауықтыру міндеттері - дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен мектепке дейінгі балалардың денсаулықтарын күшейту;
- Тәрбиелік міндеттер - мектепке дейінгі балаларға адамгершілік, жігерлілік қасиеттерді қалыптастыру, өнегелік көркемдік танымдарды үйрету.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу - бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру - бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Мектепке дейінгі балалардың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі балабақшадағы ұйымдастыру жұмысына жауапты адамның теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай балалардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сай болуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше.

Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты - балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигиеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше.

Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері:

- 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту;
- 2) мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру;

3) бала денесін шынықтыру;

4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.

«Денсаулық» білім беру мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған:

– өзінің дене күш-қуатының саулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға;

- қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге;
- түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге;
- денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті - балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Қимылды дамытуды жоспарлағанда мынадай жалпы қағидаларды ескеру керек:

1) жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда баланың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына түгел ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл әрекетіне әсері барын сұрыптап алу;

2) ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;

3) физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;

4) ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Мектепке дейінгі мекемелерде дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары балалардың сан алуын іс-әрекетінің тәрбие-білім беру комплексі болып табылады, бұл іс-әрекеттің негізі баланың қимыл белсенділігінен құралады. Бұл формалардың жиынтығын балалардың толық дәрежеде денесін дамыту және денсаулығын нығайту үшін қажетті белгілі бір қимыл режимін құрайды.

Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына мыналар жатады:

1) денешынықтыру ҰОҚ;

2) денешынықтыру-сауықтыру шаралары (ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, дене жаттығуларымен ұштастырылған шынықтыру процедуралары);

3) балалардың дене тәрбиесі жөніндегі күнделікті жұмыс (қимыл - қозғалыс ойындары, серуендер, жекелеген балалармен және шағын топтармен дербес жұмыс істеу, дене жаттығуларының сан алуан түрлерімен өз беттерінше айналысу, мейрамдар).

Бұл формалардың барлығы бәрі дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды. Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы

балалардың жасын және жеке басты-типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

Дене жаттығуларымен ұштастырылған процедуралар неғұрлым тиімді болады. Бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуі жылжу ретеу процесін жетілдіруге және сол арқылы организмнің қоршаған сыртқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Шынықтыру процесінде организмнің терең өзгеруі іске асады, ал егер бала ширақ болса, ол өзгеріс табиғи әрі қарапайым жүзеге асады.

Балабақшада дене бітімінің жан-жақты дамыту жағдайы

Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады.

Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік-тұрмыстық факторлар қолданылады. Дене жаттығуы-дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтиды. Дене жаттығуы еркінді сипаттағы белсенді қимыл-әрекеттеріне негізделген. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіспіз. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі.

Оқу іс-әрекет мынадай құрылымда өтіледі. Кіріспе бөлімде жүру, жүгіру түрлері, секіру жаттығулары, сапқа тұру орындалады. Жүру, жүгіру түрлері кезектесіп тұруы керек 3-4 минут. Негізгі бөлімде жалпы жетілдіруші жаттығулар орындалып, негізгі қимылға дайындық жұмысы жүргізіледі 3 негізгі қимыл жоспарланады. Оның 2-уі бұрынғы жаттығулар қайталанса, 1-жаттығулар жанадан жоспарланады. Жаңа оқу іс-әрекет тақырыбы жылдық жоспардан алынады. Дене шынықтыру негізгі оқу іс-әрекеті болғандықтан ертеңгілік мезгілде өткізіледі. Дене шынықтыру өткізілетін орын ауа-райы жылы кезде ауада, қыс мезгілдерінде залда өтіледі. Дене шынықтыру басталардан бұрын залдың едені сүртіліп, құрал-жабдықтар дайындалады. Негізгі бөлімнің бір бөлшегі қимылдық ойын.

Таза ауадағы дене шынықтыру 5-бөлікке бөлінген жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұратын ерекше қозғалыстардан таңдалған спорттық ойындар мен эстафеталардан тұратын қимыл-қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыруда балалардың жаттығуларға деген белсенділігін төмендетпес үшін оларға көп ауыртпалық түсірмеуге, дұрыс демалуларына көңіл бөлеміз. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде мәні зор. Спорттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет.

ТӘЖІРИБЕ СИПАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі мекемелерде дене тәрбиесі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Дене жаттығулары бір-бірінен мазмұны сондай-ақ формасы бойынша ерекшеленеді. Мазмұнға: дене жаттығуларының құрамына кіретін іс-әрекеттер, процесстер (психологияның, физиологияның, биохимияның, биомеханикалық) кіреді. Олар жаттығу барысында ағзаға орнығады және олардың әсері жаттығушының дене жаттығуымен айналысу қажеттілігін анықтайды.

Дене жаттығуларын орындау (еркін қимылдау) қимыл-қозғалыс түсінігі мен назарымен, ойымен, ерік-күшімен, сезімімен және т.б. психологияның процесстерімен тығыз байланысты. Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде жүрек, қан тамырлары, тыныс алу жұмысында және ағзаның басқа жүйелерінде әр алуан өзгерістер жүреді. Бұл қозғалыстар ағзаның қызметін, мүмкіндігін, тиісінше деңгейде өзгертеді және ағзалар массасының ұлғаюына, құрылымдарының дамуына әсер етеді.

Дене жаттығуларының мазмұнын педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, олардың мәнін, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру тұрғысынан қарастырған жөн (қимыл-қозғалыс әдеттерін қалыптастыру, дененің сапалық дамуын қамтамасыз ету т.б.). Дене жаттығулары формасы, оның ішкі және сыртқы құрылымын көрсетеді. Ішкі құрылым – жаттығу жасау кезінде ағзада болатын түрлі процесстермен тығыз байланыста сипатталады. Сыртқы құрылым – қозғалыстың кеңістікке, уақытқа, динамикалық параметрлердің қатысына қарай сипатталатын көрнекілік форма.

Дене тәрбиесінің міндеттері мен дене жаттығулары

Дене жаттығуларының техникасы. Бұл қозғалыс тапсырмасын орындаудың тәсілі болып табылады. Дене жаттығуларының техникасы өзгереді жетіледі. Техниканы жетілдіру, жаңа формаларды игеру жоғары нәтижелерге жетуге дене дайындығын жақсартуға, қозғалысының биомеханикалық заңдылықтарын ашуға, күрделі спорт жабдықтарын пайдалану мүмкіндіктер береді, сапалық нәтиже (секіру, жүгіру және т.б.) немесе іс-қимыл тапсырмаларын орындау (нысанаға тигізу), дене жаттығуларын орындау тәсілдерінің (техникасының) тиімділік деңгейін көрсетеді. Дене жаттығулары техникасында оның негізі айқындаушы звеносы және детальдары болады.

Техниканың детальдары. Техниканың кесел жасамай өзгеріске түсуі мүмкін, екінші кезектегі ерекшеліктер, мысалы, доп лақтырып болғаннан кейін, тепе-теңдігін сақтау үшін жаттығуларының кейбіреуі екі аяқпен кезектесіп секірсе, кейбіреулері бір аяғын екіншісіне қояды. Дене жаттығулары бірінен кейін бірі ауысып келіп тұратын фазалардан (немесе бөлшектерден) тұрады.

Ациклдік жаттығу. Ациклдік жаттығу (лақтыру, секіру т.б.) кезінде орындалатын әрбір іс-қимыл толық аяқталған іс-әрекет болып табылады. Бұлар үш фазаға бөлінеді:

- a. әзірлік;
- b. негізгі;
- c. қорытынды.

Бұл фазалар бір-бірімен тығыз байланысты, қосарлана жүреді және бір-біріне тәуелді болады. Дегенмен олардың әр қасысының өзінді ерекшелікері тұтас жаттығу барысында атқаратын белгілі бір атқаратын қызметтері бар.

Негізгі фаза. Негізгі фаза негізгі қимыл қозғалыс міндетін шешуге бағытталады. Мысалы: лақтыруда допты серпу, секіруде қатты серпілу, кедергіні жеңіп өту. Бұл фазада атқарушы күштерді тиісті бағытта орындап қажетті сәтте тиімді пайдалану маңызды.

Қорытынды фаза. Қорытынды фазаның міндеті қозғалысты тоқтату және тепе-теңдікті сақтау: алысқа лақтыру сәтінен соң, мәре сызығынан шығып кетпеу. Жүгіріп келіп, алысқа секірген соң, құлап қалмау.

Жаттығудың ерекше элементтері болады:

a. басты жағдай;

d. көздеу;

e. серпу;

f. жіберу.

Кеңістіктің сипаттамасы. Бүкіл дене жаттығулары кеңістікте атқарылады. Кеңістіктік сипаттамаға бастапқы жағдай дене мен оның бұлшектерінің іс-қимыл кезіндегі жағдайы траектория енеді.

ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Дене тәрбиесі талаптарын өз жұмысымда конспектіге, циклограммаға, жұмысым да циклограммаға, конспектіге, жоспарға қосып, ұйымдастырған іс-әрекеттеріне кіріктіріп, күн тәртібінің басқа да бөлімдерінде, іс-шараларда қолданып, осы тәжірибені өткіздім. Осылайша салауатты өмір салтының балалар өмірінде өте маңызды рөл атқаратынын байқадым. Алға қойылған мақсаттардың орындалуына біршама жұмыстар жүргізілді;

- Әр топтың балаларының жас ерекшелігіне байланысты денсаулық күніне арналған іс-шаралар өткізілді.

- Қажетті құрал жабдықтары күнделікті оқу қызметінде қолданылып отырылды – Балабақшадағы денсаулық бұрышына дене шынықтыруға байланысты сурет көрмелері ұйымдастырылды.

- Эстафета, мерекелерге ойын-сауық, ата-аналардың қатысуымен «Толағай», «Әкем, шешем және мен спорттық жарыстар өткізілді.

Сауалнама, ата-аналарға қатысты әңгімелер, олардың қатысуымен флэшмоб, ұжымдық кеңестер, атрибуттар, аэробика, балалармен флэшмоб, таңғы жаттығулар уақытымен белгіленген уақытта өткізіліп тырылды. Үнемі ат салысқан ата-аналар мен балаларға мақтау қағазы; грамоталар берілді.

Нөмірленген бауланған
5-парақ
Балабақша мектеп орны



Handwritten signature

ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:
«Нұрдәулет-бақ» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
А.Ескараева



Тренинг

«Біз еңбекқор достармыз»

Психолог : Ахметова Н

2022-2023 оқу жылы

ӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

Мақсаты: Тәрбиешілерге эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін дағдыландыру, топтасып жұмыс жасауды дамыту.

Қатысушылар: тәрбиешілер

Жұмыс түрі: топтық жұмыс

Әдісі: тәжірибелік жаттығулар, жағдаяттық тапсырмалар, сұрақ-жауаптар.

Сәлемдесу. Армысыздар, жайдарлы да жаңашыл құрметті педагогтар, тәрбиешілер! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.

Алтын ереже:

- * ойымызды ашық айтамыз;

- * бір-бірімізді тыңдаймыз;

- * бір-бірлеп сөйлейміз.

- * белсенді қатысу;

- * бір-бірімізге сый көрсету;

Қатысушылар шеңбер бойына тұрады.

«Амандасып алайық» ойыны

- Мен алақанымды соғамын, сілер бір-біріңіздің қолдарыңды қысасындар. Мен қонырау соғамын, мұрындарыңызбен амандасасыздар.

«Өмір қызығы» ойыны

- Алақандарыңызбен 3 рет шапалақтап, саусақтарыңды айқастырыңыздар. Егер сол бармақ үстінде қалса – махаббатқа жақын адамдар, егер оң бармақ үстінде қалса – қызметке жақын адамдар болып саналады екен. Сіздер сәлде болса, серігіп қалдыңыздар, бұл да өмірдің қызығы.

«Сыйлық» ойыны

Мақсаты: рефлексия процесін күшейту, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату, топ мүшелерінің бір-бірін түсінуге, ұжымда тұлға аралық қарым-қатынастың маңызды сапаларын ашу.

Барысы: ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады.

Қазір сіздер бір-біріңізге, яғни өзіңіздің сол жағында тұрған көршіңізге сыйлық айлайсыз. Көршіңізге қандай сыйлық жасайсыз, сыйлықты үнсіз ым-ишара арқылы әрсетіп бересіздер. Сіздің көршіңіз қандай сыйлық сыйлап жатқаныңызды түсінетіндей олу керек. Барлығы сыйлықтарын алып болғанша ештеңе айтылмайды. Барлығы үнсіз қасалады.

Галқылау:

* көршіңіз сізге қандай сыйлық жасады деп ойлайсыз?

* қандай сыйлық сыйлағанын сіз тез түсіндіңіз бе?

* қандай әсерде болдыңыз?

«Мықты тірек» ойыны

- Шеңбер бойына оңға бұрылып, қолдарыңызды бір адамнан кейін келесі адамның иығын қойыңыздар. Мен бұл сіздердің қолдарыңыздан келетініне сенімдімін, бір-бірлеріңіздің тізелеріңізге отырғыңыздар, қолдарыңызды жоғары көтеріңіздер және

қол соғып қояйық. Бүгінгі қатысушыларға ешқандай тірек керек емес, біз қазір отырдық бір-бірімізге деген сенімділік. Арттағы адам сізді құлатпайтынына сенімдісіздер.

Сондықтан осандай жұмылған қалпы бір-бірімізге мейірімді, сенімді болайық. Суреттегі ой экраннан суреттер көрсетіледі, осы суреттерге байланысты әр топ өзінің ойын, түсінгендерін айтып ой бөліседі.

1. Біреуді нұсқап тұрған сұқ саусақ бейнеленген.

Тәрбиешілер ойы:

Талдау: біз сұқ саусақ саусағымызбен өзгені көрсетіп тұрғанда, өзге 3 саусағымызбен өзімізді көрсетіп тұрамыз, бірақ оны аңғара бермейміз. Ендеше, әлде кімді кінәлағанда өзіміздің кінәміз бар ма, жоқ па осы жағына көңіл бөлуіміз қажет. Қателікті өзімізден емес, өзімізден іздейік.

2. Допқа таласып жатқан балалар.

Тәрбиешілер ойы.

Талдау: ұлағатты тәрбиешілер бәріне бірдей шуағын төгу керек.

3. Тапсырма: ақ қағазға кішкентай қара нүкте салынған, не көріп тұрғандарыңызды айтыңыздар.

Талдау. Бұл бала алғаш дүниеге келенде ақ қағаздай болады, сол қағазға ата-анамыз біздің салған бейнеміз қандай болса, сол бейне балада қалыптасады.

лаксация. Бояу музыка ойнап тұрады.

Көзімізді жұмамыз. Денемізді бос ұстаймыз.

Кең демалыңыз, ақырын деміңізді шығарыңыз.

Елестетіңіз .. сіз орман ішінде келе жатырсыз,

Әдемі әсем құстардың даусы, сіздің құлағыңызға жағып барады.

Құстардың әні, сылдырлаған судың даусы естіледі.

Шыққан судың даусына қарай бет бұрдыңыз.

Алдыңызда, биік таудың ағып жатқан мөлдір бұлақты көрдіңіз.

Күннің нұры суға түсіп, жылдырап, ағып тұр ...

Қасына барып алақандарыңызға су толтырып іше бастадыңдар.

Қандай тамаша ... ішкен судан рахат алдыңыз.

Су сізге күш-қуат беріп, денеңізге мейірімділікті таратты.

Енді бұлақтың астына барып тұрдыңыз.

Су бүкіл денемізді тазартып сіздің бойыңыздағы өкпе ренішті, жаман ойларды, уайымды жуып шығарады.

Бұлақтың таза, мөлдір суы, сізді өмірге деген жақсы көз қараспен, бойыңызға күш-қуат сыйлады.

Сіздің көңіліңіз көңілді, қуанышты, жаңа идеяларға толы.

Сіз осы өмірдегі ің бақытты, байсалды, білімді құрметті адамсыз.

Көзімізді жаймен ашамыз.

Рефлексия

Құрметті әріптестер, біздің кездесуіміз келе жатыр. Сондықтан өз ойларыңызды ортаға салып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық! Тренинг сіздерге не берді? Қандай сезімде болдыңыз? Ұсыныз тілектеріңізді айтыңыз.

Құрметті әріптестер! Біздің сіздермен кездесуіміз өз мәресіне жетті. Бірақ біздің жолымыз әлі соңына жеткен жоқ, біз әрдайым қозғалыстамыз. Олай олса, ХХІ жаңашыл, шығармашылықтарыңыз толғай табыстарға толы шебер маман иесі болуларыңызды тілектеспін! Барлықтарыңызға үлкен рахмет!

Немірленген баулантас
4 парақ
Балабақта меңгерушісі

Шар

«Хурдөлүк-Бак» Бөөсүз жайыт
Бөбөкжары
Бөбөкжары
Бөбөкжары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Қаңтар	Меңгеруші А.Ескараева
2	«Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі» баяндама		Әдіскер М.Кубеева
3.	Көрме: Ұлттық ойындар.		Тәрбиешілер
4	Тренинг «Мен кереметпін»		Психолог

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі» баяндама
3. Көрме. Ұлттық ойындар
4. Тренинг «Мен кереметпін»

1 Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақшада баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріңізге байланысты. Баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі. Яғни осы жас шамасы бала ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік – психикалық дамуы қалыптаса түсетін кезі. Балабақшада баланың ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп, ас мәзірін түрлендіріп, қарапайым шынықтырумен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл әрекетті үйлесімді ұйымдастыра білу қажет.

2. Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Д. Әлімқұлова «Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі» тақырыбында баяндама оқыды. Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын — сауықтардың бір түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Біртін деп келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшандыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтастай сабақтасты жүргізіледі.

Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. (Баядаманың жазбаша түрі бар.)

3.Көрме .Ұлттық ойындар Көрменің басты мақсаты ұлттық ойындарымызды балалар бойына сіңіріп,салауатты өмір салтын сақтауға үйрету.Көрмеде «Арқан тартыс» , «Қыз қуу», «Асық ату» тағы басқа ойын түрлері қойылды.Қорыта айтқанда ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз,асыл қазынамыз.Ойын арқылы баланың қозғалыс дағдыларын ғана жетілдіріп қоймай дұрыс сөйлеуді, шешен сөйлеп тапқыр болуға тәрбиелейді. «Ұлттық ойындар » тақырыбында көрме қортындысы бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтты: барлық тәрбиешілер көрмеге толық қатысты және әр тәрбиеші көрмеге әкелген көрнекіліктерін қалай пайдаланатынын айтып түсіндірді.Барлық көрнекіліктер күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді қолданады деген сенімдемін.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақша психологы «Мен кереметпін» тақырыбында тренинг өткізді ,Тренингтің мақсаты тәрбиешілердің кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеу дербестігін дамыту.Эмоционалды көңіл –күйлерін көтеру,бойдағы шаршаудан арылуға ықпал жасау.

Шешім:


- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Тәрбиеші Д.Әлімқұлова «Бала тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі» тақырыбы бойынша баяндамасындағы іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде пайдаланылсын.
- 3.Көрме: «Ұлттық ойындар» жинағы жалғасын тапсын

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

 А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі:

 Г.Дүйсебаева



ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы

Баяндама
Тақырыбы: «Бала тәрбиесінде
ұлттық ойындарды қолдану тиімділігі»

Тәрбиеші: Д.Әлімқұлова

2022-2023 ж

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

XI ғасыр- білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай дені у, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің ісін қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын — сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

В.А.Сухомлинский сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. Міне, ойын дегеніміз – тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы

апқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету
ске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына
дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие
түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша
арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс
соңында ырғақты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың
сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды
~~әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, тұлғаның пән бауырмалдығына, ұлғайтпа~~
құрмет, кішіге — қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру,
қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән
сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-
~~жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай~~
айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесің?»
ойынның өзі балалардың құлағына құйып береді.

Әтеш — шақырады

Есек — бақырады

Күзен — шақылдайды

Бақа-бақылдайды

Шыбын — ызылдайды

Шіркей ызындайды

Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Әр түрлі
ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын
ескеруіміз керек:

ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;

ойынның басталуы мен ойналу барысы;

ойынның аяқталуы.

Дене тәрбиесі оқу қызметі мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан
тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік,
шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын
нығайтып, ақыл – ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын
араласып, тату, ұйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

— көңілді болып жақсы демалады;

— денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;

— ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:

— ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметтерінде кең қолдана отырып,
балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін,
мүмкіндіктерін арттыру;

— қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғап жатқан ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
— жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты:

балалардың денсаулығын нығайту;

денені шынықтыру;

мәдениетін қалыптастыру;

өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:

-қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;

-қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;

-денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;

қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

Оқу кезінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады. Дене шынықтыру оқу кезіндегі қимылды ойын ретінде ұлттық ойындарды алуда тәрбиешінің өз еркінде.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен тәбиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады.

Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері өте көп.

Солардың қай – қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, бағылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты – ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

Мысалы төмендегідей ойын түрлері:

Ақшамшық (сақина салу). Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он – он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде болғанда отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», — деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орманға атып тұруға тиісті, «Сақина менде», — деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр.

Теңге алу. Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу ұрпақтардың, ат құлағында ойнайтын шабандоздық тәжірибені қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі.

«Қыз қуу». Ол – ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бөрінен сүйсі керек. Бұл – жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігітті, оның атын қамшының астына алады. Бұл – қыздың жеңгені.

Көкпар. Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, өздерінің ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған. Екі топ болып бөлініп, көкпарды бір-бірінен алып қашып, қазандыққа салу. Қай топтың жігіттері шапшандық көрсетіп, қазандыққа көкпарды салу ұмалары көп болса, сол топ жеңіске жетеді. Келесі топ жеңіліске ұшырайды.

«Жүміс ілу» (жүзік ілу) — ептілікті, атқа жақсы отыруды керек ететін ұлттық ойын. Көпін түсіру, қыз ұзату салтанатында қазандық орамалды түйіп, оның қара шолпысын, айтпесе жүзігін тастайды. Сондықтан да кей жерлерде бұл ойын «жүзік ілу» деп аталады. Қатты шауып келе жатқан шабандоз жігіт ат екпінін бәсеңдетпеспен, әлгі орамалды іліп алып кетуі керек. Осылайша қазақ жігіттер өзінің ептілігі мен шеберлігін «Жүміс ілу» сайысында дәлелдей білген.

«Бәйге». Бұл жарыстың бірнеше түрі бар. Олар: аламан бәйге, тай жарыс, құнан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен, жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.

«Асық ойыны». Бұл — балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының үш табан, бір табан,

пығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері де бар.

«Ақсүйек». Бұл ойында қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтсе, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Ойынға қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, оны көмбеге жеткізуі тиіс. Ал мұны қарсыластары ойлап қойса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топ бұрын жеткізсе, сол топ жүлдегер атанады. Зеректікке, ептілік пен икемділікке баулиды.

Арқан тарту. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Орамал тастамақ. Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ аятып немесе ойлап беруге керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды. Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек —ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіршіп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Түйілген орамал. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» — деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан — жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Тасталған ойыншы көпшілік ұнағанымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар. Дота, ұзау, қозы, лақ

Қайда кеткен құлыншақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Сақина жасыру. Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.

Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны үрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға.

— ортаңғы саусағымды тапшы, — дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағынан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойына бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

қуыр-қуыр, қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

шынашақты шыр аиналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

мына жерде жылқы бар

мына жерде түлкі бар

— деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар — деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Хан талапай. Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он ойыншы асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірусіудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар андысын андап өзіне асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші ойыншы асыққа тиіп кетсе, немесе оңтүстік асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту. Асықтарды ойыншы тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде — бір асық тимеуі керек. Себебі ол — хан.

Аударыспақ. Қазақтың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны. Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қиындығы жоқ. Екі жақ оасы берік тұтырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантиметрдей бір-біріне қапталдас орналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті. Оларға мінген «шабандоз» балалар ойыншы қарама қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен ойыншы бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын «ағаш аттан» аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Ойын шарты бұзылады. Ағаш аттың құлағанда айналасына құм немесе ағаш үгінділері төселуі керек.

Тенге ілу. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сапыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай

р сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Ұлы педагог В.И. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», — дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Сонымен қатар ұлттық ойындардың балаларға арналған кейбір түрлері өлеңмен өрнектеліп отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға, деген ықыласын оятып, дүниесанымын арттыра білген. Тіпті кейбір ойындар арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрағ еткен.

Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, мәнін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін тереңірек айқындап көруге болады. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін біздің заманымыздың балаларына да тереңірек танытуға, баланың осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді.

Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасын келіс жатқан әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға баиланысты, алуан түрлі заттармен оиналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды һәм білімді балланының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жас жеткіншектерді өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындардың тағы бір ерекшелігі, әр ойын жас ұрпақты салмақты да салмақты, шебер әрі епті болуға баулиды. Өйткені әрбір адам өзінен өрбіген ұрпақтың ынжық, ойынуісз болып қалмай, жан-жақты, ойыпті де күшті болып өсуін өмірдің мәңгі мәні ретінде қабылдаған.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным-көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие болатырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады».

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Математикалық сабақта оқушы математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуда арнайы ойын. Ойынға тәжірибелі оқушы қатысады. Есептеуге белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек ғана оқушының орындай алатын іс — әрекетімен шектелу жеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары және оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Ойын — адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп өлеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтың түрлері өте көп. Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала ойын талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетугі ықтимал.

Ойын — балалардың негізгі іс — әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданалытанын байқау қиын емес. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын

барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп
мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы баланың ақыл ойын дамыу, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік
керекті қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында
оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті, яғни ойын
баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып уақыт
өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы
ерек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама алаптарына сәйкес ойын үрінде
ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау
негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-
салпаппық байланысты және тәуеллілікті анықтауға тырысады

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және
әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше
мәдениеті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы
ұрпақтың ерекше-өзілгі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына
келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы
ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге
бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді.

ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:
«Нұрдәулет бақ» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
А.Ескараева



Тренинг «Мен кереметпін»

Психолог : Ахметова Н

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиешілерге арналған психологиялық тренинг:

«Мен кереметпін»

Мақсаты: Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл - күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту.

Қатысушылар: тәрбиешілер.

Жұмыс түрі: топтық жұмыс.

Көрнекілігі: тақта, ұнтаспа

Барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Біздің барлығымыз да үнемі табыс биігінен көрініп керемет болғымыз келеді. Ал енді «керемет» дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы керемет сөзін педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз «Керемет» сөзіне ұқсас бір - бір сөзден айтып көрейік: идеал, үлгілі, өте жақсы, тамаша т. б.

Жүргізуші: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «керемет» сөзіне анықтама бар: бұл «үздік, өте жақсы, ғажайып, тамаша» деген мағынаны береді. Енді осы өте жақсы қасиеттерді өз бойымыздан іздеп көрейік, керемет болмаса да бойымызда таң қаларлық, елді елең еткізерлік мінез болуы мүмкін. Жұмысымызды бастамас бұрын танысып алайық.

Шаттық шеңбері: «Таныс болайық»

Танысу ережесі: Қатысушылар шеңбер бойымен тұрады. Сағат тілі бойымен әрқайсысы өз есімін атап, есімі жайлы, есіміне сәйкес мінез - құлқы жайлы қысқаша айтып өтеді. Әркімнің танысуы бір - біріне ұқсамауы тиіс. (Мыс. Таныс болайық: менің есімім Айсұлу (болар - болмас басымды иемін (екінші бірі - иіледі) т. б.)

«Көңілді музыка» ойыны

Мақсаты: бойдағы шаршаудан, стресстен арылу.

Шарты: шеңбер бойымен тұрып, бір - бірінің иықтарына қолдарын қояды. Музыканың ырғағымен шеңберді айнала отырып билеп, иыққа ақырын саусақ қимылдарымен массаж жасайды. Ойын кері қайталанып отырады.

Жүргізуші: Рахмет, бұл біздің сергіту жаттығуымыз болатын. Тренингіміздің келесі бөліміне өтеміз. Бірінші бөлімде біз «керемет» сөзінің мағынасын айқындауға тырыстық. Тақырыбымызды одан әрі ашу үшін керемет деген ұғымды балалардың көзімен (оқушылардың) түсінуге тырысып көреміз. Ол үшін екі топқа бөлінеміз: 1 - топ: бастауыш сынып оқушылары (Балдырған тобы), 2 - топ: жоғары сынып оқушылары (Балауса тобы). Жайлы, жақсы отырып алыңыздар, екі қолдарыңызды тізеге қойып, орындыққа арқаларыңызды тигізіп жайланып отырып, көз алдарыңызға бастауыш және жоғары сыныптағы керемет педагогтарыңыздың жақсы қасиеттерін естеріңізге түсіріңіздер.

Қорытынды: «Балдәурен» тобының пікірі: педагог мейірімді, әділ, әдемі, көңілді болуы керек. «Балауса» тобының пікірі: педагог өз мамандығының кәсіби шебері, қатаң, қазіргі талапқа сай, жаңашыл болуы керек.

Жүргізуші: Ал енді сіздер қазіргі кейіптеріңізге еніп, тәжірибелі, керемет педагог болуға тырысыңыз. Екі топ біріге отырып бастауыш сыныптағы және жоғары сыныптағы ұстаздарыңыздың естеріңізге түскен жақсы қасиеттерін талқылап көрелік. Тақтаға жазамыз. Біздің есімізге түскен тамаша педагогқа тән жақсы сапалар: әділ, кәсіби шебер, мейірімді, жаңашыл т. б. біздің бойымыздан табылады деп ойлаймын, яғни біз - кереметпіз!

Релаксация: (Баяу музыка әуені ойналады.) Көзімізді жұмамыз. Денемізді бос ұстаймыз. Сіздер өзен жағасында отырсыздар, судың әуелгі шуылы құлағыңызға жағып, күн шуағы денеңізді жылытады. Жалаң аяқ құмның үстінде жүрсіздер, құм аяқтарыңызды күйдіріп барады. Су денелеріңізді жеңілдетіп өзіңізді жақсы сезінудесіз. Өте жақсы дем алдық. Қандай ғажап табиғат деген, таза ауа, жұмсақ құм, жылы су, табиғат деген қандай тамаша! Кең дем аламыз, ақырын демімізді шығарамыз.

Біздің басымыз артық ойлардан тазарды. Біз өзімізге күні бойға жетер жігер, қуат жинадық, біздің көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, байсалды, білімді, керемет жандармыз! Енді ақырын - ақырын көзімізді ашамыз. Бір - бірімізге қуанышты сезіммен қараймыз. Біз қандай бақыттымыз!, Қандай кереметпіз!

Біздің кездесуіміз аяқталып келе жатқан секілді. Бүгінгі жұмысымыздың нәтижесіне орала отырып, нағыз «керемет» педагогтардың мықты жақтарын еске түсіре отырып бір - бірімізге комплимент айтайық.

«Комплимент» ойыны

Мақсаты: қатысушылардың тіл табыса алуын, бір - бірін толық тануын дамыту.

Қатысушылар шеңбер бойымен тұрып кезекпен кез - келген жағымды комплимент айтады (Біздің тақырыпта мыс. «өте жаңашыл», «нағыз кәсіби педагог» т. б.), ал қалғандары ол комплименттің кімге арналғанын табады. Комплимент иесі ойынды ары қарай жалғастырады. Барлығы жағымды комплимент алмайынша ойын жалғаса береді.

Жүргізуші: Біздің сіздермен кездесуіміз аяқталды. Егер тақырыбымызға келетін болсақ, «керемет» деген түсінік бір нәрсенің біткенін, аяқталғанын білдіреді (Мыс. керемет үй екен т. б.) Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз әрдайым қозғалыстамыз. Көздеген мақсатымызға жеткенде біздің алдымыздан тағы да өзге жаңалықтар ашылады, қазіргі дәуірде, яғни 21 - ғасырда жаңалықтың шегі жоқ. Олай болса жаңашыл 21 - ғасырдың Керемет педагогтары бола берейік! Мен сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін!

Бекітемін
«Нұрдаулет бақ» Семей қаласы
балабақшасы меңгерушісі
А.Ескараева



№4 пед кеңес.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші А.Ескараева
2	«Ұлттық құндылықтар арқылы баланы дамытуға негізделген педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру»баяндама		Тәрбиеші Л.Мамбетова
3	Көрме: Табиғи материалдардан көрме жасау		Тәрбиешілер
4	Ата-анлармен жұмыс деңгейі		
5	1. Балабақшаның тәрбиешілерінің құжаттарын тексеру (жедел бақылау)		А.Ескараева М.Кубеева
6	Тренинг : «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек»		Психолог

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар:13

06.03.2023

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Ұлттық құндылықтар арқылы баланы дамытуға негізделген педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру» баяндама
- 3.Көрме:Табиғи материалдардан көрме жасау
- 4.Тәрбиешілердің құжаттарын тексеру (жедел бақылау)
- 5.Тренинг: «Мейірімді болса жүрек,орындар тілек»

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Бала тәрбиесі –баршамызға ортақ. Баланың бүгінгі іс –әрекетіне назар салмасақ, ертең кеш болады.

Қаз қанаты ақ болады,

Ер қанаты ақ болады.

Балалардың қанатты кезі ,

Мектепке дейінгі шақ болады,-дегендей баланың жүрегіне жол табу –нәтижелі істің жемісі.Ойын –бала бойынлағы қандай да болмасын бір өнердің бастауы.Өйткені болашақ ел қорғаушы батыр, халық қайраткерлерінің нышаны ойын үстінде көрінеді.Сол ойын арқылы шынығып,өзінің бойындағы табиғи дарынын шындай түседі.Ойын баланың бойындағы рухани адамгершілік сезімдерді дамытады,достық, мейірімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, сұлулық, қарапайымдылық.

А.С.Макаренко : Ойын балалардың жан-жақты үйлесімді даму құралы, бақытты болудың міндеті,шарты....

2.Екінші сұрақ бойынша балабақша тәрбиеші Л.Мамбетова «Ұлттық құндылықтар арқылы баланы дамытуға негізделген педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқыды.Әр халықтың өз ұлттық ойындары және әр ұлттың ойынының өз ерекшеліктері бар. Ұлттық ойындар-ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз.Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу-мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып,ізгілік имандылық, мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтардың аясы кеңейіп келеді. (Баядаманың жазбаша түрі бар.)

3. Көрме . Табиғи материалдардан көрме жасау . Балалар ғана емес көптеген ересектер де өз қолдарымен бір нәрсе жасауды ұнатады. Бірлескен жұмыс жасау ұрпақтар арасындағы жақындастыру өзара түсіністікпен балалардың шығармашылық ой-өрісін дамытуға саусақтардың жақсы қозғалу дағдыларын дамытуға , баланы мейірімділікке үйретуге көмектесетін көпір болып табылады. Сонымен қатар , балалар табиғаттың сыйға берген материалдары мен жұмыс істейді , көптеген пайдалы ақпарат алады. Қолөнер – педагогтардың ой қиялын көрсетудің керемет мүмкіндігі . Балаларға қол моторикасын дамыту және кәде сыйларды сәндеуге немесе әжеңіздің туған күніне сыйлық сыйлауға арналған бірнеше нұсқа ұсынуға болады. Мысалға: Жасанды жапырақтарды және вазаны пайдаланып, керемет өз қиялыңызды қосып, әсемдеп ; үйлестіріп ерекше етіп қолөнер бұйымын жасауға болады.

4. Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілердің құжаттарын тексеру (жедел бақылау) барысында тәрбиешілердің құжаттары толық , эстетикалық жағынан әсем безендірілген. Ересек «Балдәурен», «Тұлпар» тобының тәрбиешілері өздерінің тәжірибелі маман екендіктерін көрсетті. Өз жұмыстарын мектепке дейінгі білім беру сатысының оқыту және тәрбие беру барысында мемлекеттік жалпы білім беру стандартының негізінде әзірленген оқу бағдарламаларын жетік қолданып , балабақшаның күн тәртібіне және әртүрлі іс-әрекеттерді өткізуде қиындық көрмейді. Тәрбиешілердің құжаттары толық. Ортаңғы «Балапан», «Ақкөгершін» топтардың тәрбиешілердің құжаттары да толық. Ата-аналармен жұмысты жүйелі жоспарға сай жүргізуде. Балалардың келу тізім дәптері толық, уақытылы толтырылуда. Кіші «Балауса» топтың тәрбиешісінің де құжаттары да талаптарға сай толық . Күнделікті оқу іс-әрекетін де балалармен жұмыс жүргізгенде көрнекі құралдармен толықтырып отырады.

5. Бесінші мәселе бойынша балабақша психологы «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты : Педагогтарды ұйымшылдыққа , жаңашылдыққа , инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін , ой қиялын арттыру, сонымен қатар педагогтардың эмоциялық көңіл күйін көтеру, топтасып ұжыммен жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Міндеті : Жаңа қоғамдағы адамгершілік , патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту. Педагогтардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру

Шешім:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәрбиеші Д. Әлімқұлова «Ұлттық құндылықтар арқылы баланы дамытуға

негізделген педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбындағы баядаманы іс –тәжірибелерінде қолдану

3.Көрме қортындысы бойынша тәрбиешілерге жақсы баға берілсін.

4.Барлық топтардың тәрбиешілері құжаттарын бағдарлама талаптарына сай , балалардың өмірі мен тәрбиесін ,денсаулығын сақтау ережелеріне сәкестендіріп ұйымдастырылсын.


5.Психологтың тренинг жұмысына өте жақсы деген көрсеткіш,қанағаттанарлық

Төрайымы, б/б меңгерушісі:



А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі:



А.Алибаева

Немрутген дауштанан
3 парак бет
Балабақша меңгерушісі

Sheep



Баяндама

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар
арқылы баланы дамытуға негізделген
педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру»

Тәрбиеші: Л. Мамбетова

Ұлттық құндылықтар арқылы баланы дамытуға негізделген педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру

Әрбір халық өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт-жораларын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады, әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбейтіндей болып қалыптасады. Ұлттық әдептілік, мәдени құндылық олардың өмір ерекшеліктеріне сәйкес сол ұлттық көпшілік өкілдеріне тиісті болатын қоғамдық дему мен табиғат құбылыстарының қайталану заңдылықтарының нәтижесі.

Менің зерттеуіме қазақтың ұлттық ойындары, жалпы ойын жайлы қазақ ғалымдарының теориялық және тәжірибелік негіздері арқау болды.

Қазақ құндылығының ғасырлар қойнауынан сүрінбей өтіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы балалар ойындары. Рухани мұрамыздың өзге түрлері сияқты оның да даму тарихы, толымды арнасы, әркез қоғамда атқарып келе жатқан қызметі бар.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ. Қазақ ойындарының өміршең қызметі де оның жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісімен байланысты болуында. Демек, халықтың этикасы мен эстетикасының, педагогикасы мен психологиясының, әдет-ғұрпы мен наным-сенімдерінің, шаруашылығы мен кәсібінің шоғырланған көрінісі балалардың ойын-сауық түрлерінде жатыр десек асыра айтқандық емес.

Әрбір қоғамның балаларға жасап отырған қамқорлығына, жеткіншек ұрпаққа деген көзқарасына қарап, сол қоғамның болмыс – бағдарын байқауға болады. Түптеп келгенде, ұлттық қасиет пен дәстүрдің қалайша жалғастық табуы да сол қоғамның ұрпаққа деген мәмілісіне байланысты. Сондықтан болар, қазір көптеген дүние жүзі халықтарының педагогика мен психология ғылымында «Халықтық педагогика мен ұлттық психология» деген арнайы ғылыми бағыттар қалыптасты. Олар халықтың дәстүрлі тәрбиелеу салтын, мәдени құндылықтарын балаларға қатысты әдет-ғұрпын, өлең-жырларын, ойын-сауықтарын жан-жақты қарастырады. Мұндай игілікті істердің нәтижесінде әрбір халықтың мәдениетін кеңірек тануға, психологиясын терең түсінуге, этникалық мәдениет, дәстүрін ұрпақтар бойына сіңіру жолдарын нықтылы білуге, балалардың психикалық дамуын тиімді етуге, сөйтіп халықтық педагогиканың тиімді жақтарын бүгінгі күннің қажеттілігіне жаратуға болатындығы анықталып отыр.

Әр халықтың өз ұлт ойындары және әр ұлт ойынының өз ерекшеліктері бар. Ұлт ойындарының қалыптасуы тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің күнделіктегі тіршіліктің қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын өткізудегі қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды.

Мәселен, әртүрлі қозғалмалы ойындар мен асық ойындары тайпалық
дақтарда ересектер арасында дамиды да, кейін келе жасөспірімдерде қалды.
Себебі үлкендерден көргенін балаларда да, үй ауласында, далада ермек етеді: түйе
құмалағынан қой бағып, қой құмалағынан қозы бағып, бір жерден, екінші бір
жерден, екінші бір жерге көшіп-қонумен тағысын тағы сәбилер уақытын өткізеді.
Бұдан өзі ертеңгі ортаның азаматы болғанда басынан өткізетін өмірін, болашақтағы
еңбегін қазір ермек етіп отырғандығы байқалады.

Адамзаттың дүниеге келген күнінен бастап –ақ ақыл-ой, қабілетінің ортаға,
өмірге көзқарасының дұрыс қалыптасуын реттейтін, белгілі бір жүйеге келтіретін
осы «балалар мен жас өспірімдер ойындары» сондықтан да «ойын балалар еңбегі,
балалардың уақытымен ғана санасады». Мұндай пікірді қостаған орыс ғалымы
Е.А.Покровский де, -«ойын кезіндегі балалар жұмысы»-дейді.

Ұлт ойындары адам еңбегінің жемісі, халықтың фантастикалық ой
құбылысының көрінісі, дүниені танып, білуге талпынысының нышаны, бар өнердің
бастамасы. Қазақ халқының ұлттық ойындары әлеуметтік-экономикалық
жағдайларына байланысты туып, дамыды. Олай дейтініміз, қазақ халқының ұлттық
ойындары ертеден туып, тұрмыс жағдайларына үйлесімді келеді, яғни көшпелі
тұрмысқа лайықталып, материалдық даярлық өте береді және халықтың
психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының
қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өнбойынан халықтың ұлттық ойындарының
алуан түрлерін кездестіреміз.

Жырлардың негізгі кейіпкерлері де ойын үстінде көрінеді. Ол негізгі
кейіпкерлер: болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері т.т.

Ойын арқылы қазақ балалары өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай
түскен. Ойынды қазақ халқы тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарамаған.
Ең бастысы-ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы
топтың алдында, баршаға тең еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған.

Ойындар арқылы балалардың тәні де, жан дүниесі де ойдағыдай жетіліп
отырған; көпшілік ортасында өзін-өзі ұстаудың, қысылғанда жол табудың қоғамда
өз орнын сезінудің алғашқы мектебі де осы ойындар болды десек асыра айтқандық
емес.

Қазақ халқының ойын түрлері, балалар психикасын дамуында атқаратын қызметі,
шығу тарихы, құндылық жақтары және тақырыптары бойынша жан-жақты зерттеу
– болашақтың ісі. Алайда, қазір қазақ ойындарының балалардың қарым-қатынасын
зерттеуде тиімді қолдану мүмкіндіктерін анықтау, көрсету тәжірибелік іс
қажеттігінен туып отыр.

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын балалардың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да. Жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы балалардың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлықпен еліктеудің маздап жанар оты». Міне ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адам қиялына қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпіз. Қазақ халқының арғы тарихына байланысты жеткен жазбаша деректердегі Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі оқу, білім, адамгершілік, тәлімдік ой-пікірлер және жазықсыз жапа шеккен зиялылар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың халықтық тәрбиенің ұлттық негіздері жөніндегі пікірлері, олардың мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде атқаратын мәні жөніндегі Н.Құлжанованың еңбегі өзінің құнын жоймайтын еңбектер.

Жас ұрпақтың қалыптасып өсіп өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтық ұлттық ойындары болып табылады.

Мектепке жасына дейінгі балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу- мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттердің бірі, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, згілік, имандылық, мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтардың аясы кеңейіп келеді.

ЖШС «Нұрдәулет бақ» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

«Нұрдәулет-бақ» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:

А.Ескараева



Тренинг «Мейірімді болса жүрек орындалар тілек »

Психолог : Ахметова Н

2022-2023 оқу жылы

**«Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек!»
атты педагогтарға арналған психологиялық тренинг.**

Мақсаты : Педагогтарды ұйымшылдыққа , жаңашылдыққа , инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойпау қабілетін , шығармашылық ізденісін , ой қиялын арттыру , сонымен қатар педагогтардың эмоциялық көңіл күйін көтеру , топтасып ұжыммен жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Міндеті : Жаңа қоғамдағы адамгершілік , патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту. Педагогтардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру.

Түрі: Психологиялық тренинг сағаты.

Әдісі: Топтық жұмыс, сұрақ жауап, ой бөлісу, пікір алмасу.

Көрнекілігі: Ақ парақтар, қобдиша, жүрекше және гүл парақшалар, доп, қалам.

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру.
2. Ұжыммен бірігіп жұмыс істеу.
3. Бір-бірімізге кедергі келтірмеу.
4. Өз ойымызды ашық айту, өзімізді еркін ұстау.
5. Өзімізге пайдалы нәрсені алу.
6. Әріптестермен жақсы қарым қатынаста болу.
7. Ұялы телефонды сөндіріп қою.

Тренер сөзі: Қайырлы күн әріптестер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналаған « Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек » тренинг сағатына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын. Және Құрметті әріптестер, сіздерді келе жатқан кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Ұйымдастыру кезеңі.

Тренингке қатысушыларды « Шаттық шеңберіне » шақырамын.
«Амандасу» тренингі қол шапалақтау.

«Жан жылуы» жаттығуы. Қолдарына ұстап бір біріне төмендегі сөздерді хормен айтамыз.

Мен сізден жылу аламын. (солға қарау)

Жүрегіме саламын. (оңға қарау)

Досыма сыйлаймын. (тура қарау)

«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Қобдишаны бір бірлеріңізге бересіздер, қобдишаны алған әр адам ішін ашып қарайды. Оның ішіндегі кішкентай айнадан сіздер жанжақты қайталанбайтын ең керемет бейнені көресіздер. Оған күліп қарауларыңыз керек.

Тренер талдау: Қобдишаның ішінен не күттіңіздер?

Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан жақты қайталанбайтын тұлға. Ендеше сіздердің «Сиқырлы қобдишадан» күткен құпия сияқты, мен сіздермен құпия ойндарға толы тренингімізді бастаймын.

«Құбыр» жаттығуы:

Құрметті әріптестер қазір мен сіздерге ақ парактар таратамын, сіздер сол парактардан арық яғни құбыр жасауларыңызды сұраймын. Әрине құбыр болғасын онымен не жүреді? Тек қана СУ жүреді. Ендеше арықтарымызды жалғасытырып су жүргізейік. Арыққа су орнына кішкентай доп жібереледі.

Тренер талдауы:

Қалай ойлайсыздар біздің жасаған құбырымызбен су қалай жүрді? Яғни құбыр үзілмей су жақсы жүрсе, демек ол біздің ұжымның ұйымдаса жұмыс істеуі жоғары екенін білдіреді, келісесіздерме?.

«Нұрлы жүрек» жаттығуы: (қатысушыларға қалам, ақ парак пен жүрекшелер таратылады)

Нұсқау: Қазір мен сіздерге он сұрақ оқитын боламын, оны оқымас бұрын сіздерге ақ паракқа қолдарыңыздың суретін бастырып салуларыңызды сұраймын. Енді қойылған әрбір сұрақ жауабын сіздер саусақтарыңызға жазсаңыздар. Жазып болғасын ортасына жүрекшені қоясыздар.

1. Сіздің арманыңыз?

2. Сіздің қызығушылығыңыз?

3. Сізге ұнайтын гүл?

4. Ең сүйікіт мейрамыңыз?

5. Өз мамандығыңыз ұнай ма?

6. Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
7. Сіз қандай басқа мамандыққа барар едіңіз?
8. Тәрбиеленушілер бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?
9. Жұмысыңызға қандай көңіл күймен келесіз?
10. Сіздің арманыңыздағы қала?

Тренер талдауы: Рахмет, әрқашанда жүректеріңіз нұрға толы болсын, армандарыңыз орындалсын деп әрі қарай тренигімізді жалғасытырамыз. «Еңбек ағашы» жаттығуы : (қатысушыларға стикерлер мен қаламдар таратылады)

Нұсқау: қазір сіздерге стикерлер таратылып беріледі. Оған сіздер өз ойларыңызды жазып, әр қайсысын өз орнына ілесіздер.

БҰТАЛАРҒА – Педагог қандай болу керек

ЖАПЫРАҚТАРҒА - Педагог еңбегінің нәтижесі

ТАМЫРЫНА – Шәкірт қандай болу керек

Тренер талдауы: Міне сіздер «Еңбек ағашын» құрастырып шықтыңыздар. Сіздердің еңбектеріңіздің жемісі осы емес пе, керемет, рахмет!

РЕФЛЕКСИЯ: «Ашығын айтсам»

1. Тренинг сіздерге ұнады ма?
2. Қандай әсер алдыңыздар?
3. Тренингтен кейінгі көңіл күйлеріңіз?

Қайтадан шеңберге тұрып, гүл паракшаларды үлестіру арқылы бір - бірлеріңізге тілек жазып алмастырсаңыздар. (қатысушыларға гүл паракшалар мен қаламдар таратылады).

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі: мықты денсаулық, екіншісі: жүректен шыққан жылы сөзбен. Олай болса бір-бірімізге мықты денсаулық тілеп, жылы сөздер айтып, қайырымды болайық. Тренингке қатысқандарыңызға алғыс білдіремін.

Бекітемін
«Нұрдаулет-Бак» балабақша
балабақшасы меңгерушісі
А.Ескараева



№ 5 пед кеңес.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Мамыр	Меңгеруші А.Ескараева
2	«Педагогикалық тренинг» Іскерлік ойын		Психолог
3	Тәрбиешілердің 2021-2022 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі		Тәрбиешілер
4	Шығармашылық тақырыптары (ескертпе бақылау)		Жұмыс тобы
5	«Дамытушы ортаның деңгейі»		А.Ескараева М.Кубеева
6	Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау		Әдіскер М.Кубеева

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Педагогикалық тренинг» Іскерлік ойын
3. Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылындағы педагогтар 2022-2023 оқу жылының на есеп беру
4. Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қортындылау.

1. Бірінші сұрақ бойынша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі А. Ескараева айтып өтті. Бүгінгі бала ертеңгі азамат. Ол-болашақтың иесі, қоғамдағы қорғаушы. Олай болса әрбір педагогикалық ұжым әрбір педагог баса назар аударуға тиісті. Тәрбиешінің басты мақсаты – дені сау, білімді, парасатты мейірімді жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеу. Бұл өте жауапты, көп еңбекті талап ететін іс. Бұл процесте ұлттық тәрбиенің орны өте биік. Сондықтанда бала тәрбиесінде халық педагогикасының қағидаларын ұмытпаған жөн. Ол халық ауыз әдебиеті, ұлттық ойындар.

2. Балабақша меңгерушісі А. Ескараева сөз алып мектепке дейінгі кезеңде басты мәселе оны жан-жақты дамыту. Аталмыш тұлғалық қасиеттермен жалпы қабілеттерін қалыптастыруға басты назар аудару керек. Психологиялық алғы шарттар. Олар білім құмарлық, бастамшылдық, өз еркімен тандау жасау, өз –өзіне сын көзбен қарау қиял. Педагогтың құзыреттілігі жоғары да аталған әдістердің жүзеге асуы педагогтың кәсіби шеберлігі мен психологиялық –педагогикалық дайындығына мотивтері мен адамгершілік құндылықтарының байланысы.

Тәрбиеші :А.Сахаова –Психологиялық алғы шарттарды қалыптастыруда ерекше маңызды орын алатын оқу-ойын әрекеті, яғни оқу әрекеттерінің элементтері енгізілген ойын әрекеті. Адамда бір мақсат болу керек. Мақсат қоя білуі В.В.Даводовтың айтуынша қойылған мақсатқа жетуге бағытталған оқу әрекетінің жоспарын құра білу.

3. Үшінші сұрақ бойынша педагогтар 2022-2023 оқу жылының жылдық мақсатын іске асыру мақсатында белгіленген тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстарына есеп берді.

(шығармашылық жұмыстары жазбаша түрде тапсырылды)

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Ескараева айтып өтті. Оқу жылы барысында барлық топтың тәрбиешілерінің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жақсы. Барлығы талапқа сай және ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақты білім нәрмен сусындап және жақсы тәрбие бере отырып, оқыту.

Шешім:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.
2. Педагогтар 2022-2023 оқу жылыны шығармашылық жұмыстары қабылданды.
3. Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қортындылау қанағаттанарлық.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:



А.Ескараева

Хатшы, б/б тәрбиешісі:



Г.Дүйсебаева

Немисленен байланган
2. Ирак
Балабақша мені ертілді
31.10.2019